КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 18 қантар №7119-23-00-2/15773 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Астана ботаникалық бағы" – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚРМК)

ЖАУАПКЕР:

«Икрам И.Б.» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Астана ботаникалық бағы" – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министірлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" ШЖҚРМК жауапкер "Икрам И.Б. ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Икрам И.Б.» ЖК ЖСН 040903500742 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Икрам И.Б.» ЖК ЖСН 040903500742 мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.02.2024, судья Нұрланов Б. К., 16.05.2024

7119-23-3-1/15462